

**Мергембаев Д. А.**, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

### **Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қауіптісінің бірі — жезөкшелік**

*Аннотация.* Мақалада жезөкшелік қылмыстық құқық бұзушылығының қоғамға қауіптілігі, одан туындайтын салдары қарастырылған және оның алдын алу жолдарында нақты ұсыныстар көрсетіледі.

*Түйін сөздер:* жезөкшелік, тәрбие, имандылық, отбасы, заң.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет деген болатын [i].

Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы жезөкшелік — адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап күні бүгінге дейін келе жатқан аса күрделі әлеуметтік құбылыс.

Жезөкшелікпен әйелдер айналысады, ал қазіргі тәжірибе көрсетіп отырғандай жезөкшелікпен ер адамдардың да ақы алып айналысатыны көрініс алып отыр.

Жезөкшелікке қатысты қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі, бұрыннан белгілі әлеуметтік-экономикалық, медициналық, моральдық, этикалық, құқықтық зардаптарымен қатар, мемлекеттің атақ-абыройына, ұлттық намысына тигізер зияндары бірнеше рет ашық көрсетіліп, ұлттық сана мен психологияны да өзгерістерге ұшырататындығы дәлелденді.

Сонымен қатар олардың басым көпшілігі заңсыз түсік жасатуда, әкесіз, некесіз туған жас нәрестелерін қараусыз тастап кетуде, өзінен туған қыз балаларын өз кәсібіне баулитын жезөкшелер де бар.

Жезөкшеліктен туындайтын тоғыз ай он күн көтерген перзентінен туа сала сырт айналатын көкек аналар бүгінде аз емес. Тіпті қызылшақа сәбиді көшеге, қоқыс жәшігіне тастап кететін сұмдық жағдайлар да кездесуде. Қыз бала ана болу керек. Ол оның табиғаттағы борышы. Ұрпақ қалдыру борышы.

Жезөкшелікпен айналысатындар қоғамға пайдалы еңбектен жалтарып, жеңіл табыс табу үшін арамтамақтық кәсіпке үйренеді, олар адамгершілік қасиеттерді жоғалтып, құлдырауға ұшырап, моральдық ауытқушылыққа тап болады [ii].

Елімізде бірнеше ғасырлық отаршылдық езгі кезеңінде еліміздің әлеуметтік өмірінен орын алған моральға жат, ертедегі қазақ қоғамында бой көрсетпеген жезөкшелік тәрізді әлеуметтік кеселдерге қарсы күрес жүргізілсе де, бұл мәселе күні бүгінге дейін түбегейлі шешілген жоқ.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚК 308-бабы), жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық (ҚК 309-бабы) қылмыстарына жауаптылық белгіленгенімен, бұл құбылыстар қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде кең таралып отыр.

Қазіргі кезде жезөкшенің дәп өзін қылмыстық жауаптылыққа тартатындай норма қарастырылмаған. Жезөкшелер өздерінің тікелей теріс әрекеттері үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылуда.

Жоғарыда аталған мәселелердің алдын алуда келесідей жолдарды қарастырамыз:

– қолданыстағы қылмыстық заңның кейбір нормалары қазақ қоғамындағы «әдет» заңдарына, ұлттық салт-дәстүріне сәйкес келмейді. Сондықтан қазіргі қылмыстық заңдарды жетілдіру және оларды қылмыстық істер жүргізуде қолдану деңгейін арттыру мақсатында ой пікіріміз, біздің қоғамымыз бен халқымыздың өзіндік болмыс бітіміндегі

ерекшелігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңына «Жезөкшелікпен айналысу» деген жаңа норма енгізсе, оны қолдануға сөзсіз болатын еді;

– кәмелетке толмағандарға жыныстық тәрбие беруде кемшіліктер жіберілмеуі керек. Ата-аналар ұрпақтарының тәни денсаулығына ғана қамқор болып қоймай, сонымен қатар олардың қазіргі заман талаптарына сай адамгершілік, жыныстық тәрбие алуын да қамтамасыз етуге міндетті. Жыныстық тәрбие баланың балғын шағында басталып, биологиялық мәліметтермен шектелмеуі керек;

– жезөкшелікпен айналысу негіздері мен оны статистикалық есепке алу тәртібі үнемі құбылып отыратындықтан, жезөкшелік жайлы ресми мәліметтерге сын көзбен қарап, жезөкшелік қылмыстық құқық бұзушылық динамикасын анықтағанда оның жоғары табиғи латенттігін ескеру керек;

– жезөкшелерге барғанға жауаптылықты қарап, қылмыстық заңға «Жезөкшелерге бару» деген жаңадан норма енгізсек жезөкшелік қылмыстық құқық бұзушылықтарды тиятынына кәміл сенеміз. Себебі қылмыстық жауаптылық көзделген іс-әрекеттен әрбір азаматта қорқыныш сезімі болатыны анық;

– жезөкшелікпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алмауына септігін тигізетін шараларды қарастырғанымыз абзал. Ол үшін ең алдымен жастарымызды имандылыққа, нәпсісін тыюға тәрбиелеуіміз қажет. Тәртіпті де, тәрбиелі ұрпақ өсіру — отбасылық өмірдің негізгі мақсаттарының бірі. Жалпы, бала дүниеге келген кезде пәк, Ислам болмысы негізінде туылады. Содан кейін ата-анаға аманат етіледі. Ата-ана бұл аманатты тиісінше өз дәрежесінде орындауы тиіс. Бұл ретте, бала тәрбиесінде келешекте оның қай бағытты таңдайтығында ата-ананың рөлі өте маңызды. Міне, ата-ана өз баласының болмысы бұзылмауы үшін оларға жастайынан ақиқатты үйретуі, дұрыс жолда тәрбиелеу керек. Қазіргі заманымызда кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады. Алайда, көп жағдайда сондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналардың өздерінен болып шығады. Өйткені, сол ата-аналардың бұрыннан өздері түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қате кемшіліктерін түсінбеген сондай ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты таңданып жатады. Тәрбие беру деген міндет назардан тыс қалғандықтан, әрине бала өзінің тәрбиешілерін тауып алады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздерін өздері тәрбиелеуден, өз-өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиелеудегі басты алғышарттардың бірі де осы. Егер баламыздың кемшіліксіз болғанын қаласақ, өзіміз кемшіліксіз ата-ана болуымыз шарт. Балалардың болашақта тікен немесе гүл болып өсуі, тәтті немесе ащы жеміс беруі себілген дәнге, яғни оған берілген тәрбиеге байланысты екендігін, әсте ұмытпағанымыз жөн. Шалағай берілген тәрбиенің соңы ата-ананың өзін де, ұрпағын да өкінішке, бақытсыздыққа душар етуі әбден мүмкін.

Сондықтан баланы тәрбиелеуді тал бесіктен бастаған абзал дегенді айтқымыз келеді.

---

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- i. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17 қаңтар 2014 жыл // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- ii. Заң. 2006. 6 сәуір.

### ***Резюме***

В настоящей статье рассматриваются вопросы предупреждения, предотвращения, профилактики, пресечения уголовных правонарушений, связанных с проституцией.

### ***Resume***

This article covers prevention, prevention, pro-prevention, the suppression of criminal offenses related to prostitution.